

Мазмұны

- I Кіріспе. Кәсіби сөздердің зерттелуі турасында жалпы мәселелер (Қ.Айтқазының еңбектері жайында)
- II Негізгі бөлім. Балық шаруашылығындағы кәсіби сөздердің кейбір мәселелері
 1. Балық атаулары
 2. Ау және оның бөлшектеріне байланысты атаулар
 3. Балық мүшелеріне байланысты атаулар
 4. Балықтан жасалған тағам атаулары
 5. Балқаш, Іле, Каспий балықшылар тіліндегі кәсіби сөздер және олардың кейбір диалектілік сипаты
 - A. Балық және олардың мүшелеріне байланысты атаулар
 - Ә. Ау және оның бөлшектері
 - Б. Қайық, құрал-сайман атаулары
 - В. Балық кәсібіне байланысты қолданылатын сөздердің кейбір грамматикалық ерекшеліктері
- III Қорытынды
- IV Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

I Кіріспе. Кәсіби сөздердің зерттелуі турасында жалпы мәліметтер (Қ.Айтазиннің еңбектері жайында)

1960 жылдарға дейін Қазақстанның түпсіз-түпсіріндегі бір аумақ, аудан, не облыс көлемінде ғана қолданылатын, көпшілікке беймәлім, бірақ әдеби тіл терминологиясын байытуға қажетті сөздер арнайы зерттелмей келеді. Осы кезде Ғылым академиясының Тіл білімі институты тұрақты түрде жыл сайын Қазақстанның облыс, аудандарына диалектологиялық экспедициялар ұйымдастырып, жергілікті халық тілінен балық, мақта, бау-бақша, зергерлік тағы да басқа мамандықтарға байланысты атауларды жыпыл-теріп, оларды зерттеуді қолға алды. Кәсіби сөздерді алғашқы зерттеушілер профессор Ж.Досқараев пен Қ.Айтазин болды. Қ.Айтазиннің ғылыми шығармашылық жолы қазақ диалектологиясының негізін қалаушылардың бірі, оның ұстазы Ж.Досқараевтың есімімен байланысты.

Ж.Досқараев пен Қ.Айтазин еңбектерінің басқа зерттеушілерден артықшылығы - балықпен байланысты атаулардың мағыналарын сөзбен сипаттап түсіндірумен ғана шектелмей, объектіге алып отырған заттарды және олардың ұзақ бөлшектерінің суреттерін де келтіріп отыруында. Мұндай иллюстративтік материалдар атаулардың мағынасын аша түсетіні сөзсіз.

Қ.Айтазин 1973 жылы кәсіби сөздерге байланысты зерттеулерін қортындылап кандидаттық диссертация жазды. Бұл еңбектің әдеби тіл лексикасын байытуда маңызы зор болды.

Филология ғылымдарының кандидаты, ғалым-педагог, доцент Қазтай Айтазин қазақ тілінің әр түрлі мәселелерін зерттеуге арналған елуден аса еңбек жазған, тілдің көптеген салаларына қатысты тың мәселелерді зерттеп, үлкен жұмыстың өнегесін танытқан ғалым.

Оның диалектология мәселелеріне арналған еңбектерімен қатар тастардағы таңба-жазуларды сөз еткен мақалалары да баршылық.

Қ.Айтазин лексикография саласында да өнімді еңбек етті. 1969 жылы басылып шыққан бір томдық және алғашқы томы жарық көріп, кейінгі томдары бастада жатқан "Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі" (80 баспа табақ) атты іргелі еңбекті қырастырушылардың бірі болды.

1994 жылы бірнеше ғалым-педагогтармен (О.Тоқжолжаева, К.Иманқұлова) бірлесіп жазған "Қазақша-орысша оқу сөздігі" жоғары оқу орындарында көмекші оқу құралы ретінде үнемі пайдаланып жүр.

Тіл мәдениеті мәселелері де ғалымның назарынан тыс қалған жоқ.

Бірақ "Сүйген іс сүйкімді келеді" дегендей ғалымның күш-жігерін сарп етіп, бал арасының гүл шырынын тергендей ізденіп, арнайы шұғылданып, қыруар еңбек еткен саласы лексикология, оның ішінде кәсіби сөздер.

II Негізгі бөлім. Балық шаруашылығындағы кәсіби сөздердің кейбір мәселелері.

Қазақ тілі сөздік құрамының аясы кең. Бұл қазіргі әдеби тілде қолданылып жүрген сөздерден, сөйлеу тіліндегі лексика мен диалектілік лексикадан ғана құралмайды. Қоғамдағы әр түрлі топтардың тіліндегі арнаулы сөздер де ұлттық тілдің сөздік құрамына енеді. Бұған кәсіби сөздің де өзіндік үлесі бар. Қазақ тіліндегі сөз тудыру заңдары негізінде жасала отырып, бұл да лексиканың басқа салалары сияқты ұлттық әдеби тілден нәр алатын негізгі арналардың бірі болып табылады. Әдетте кәсіби сөздер жергілікті халық тілінде болғандықтан көп жағдайларды жергілікті говорлық диалектілік ерекшеліктермен, әсіресе әлеуметтік диалектілермен тығыз байланыста ұштасып жатады. Белгілі бір говорлардағы лексикалық өзгешеліктердің қалыптасу себептерінің бірі жергілікті жердегі шаруашылық, кәсіп түрімен байланысты¹. Сөйтіп, олардан да белгілі жерге тән ерекшелік көрінеді. Арнаулы

бір кәсіптен шығудану әр жерде кездеседі, бірақ осыған орай осының өзі де сол кәсіптен туған сөздер біріншай болып келе бермейді. Себебі жергілікті диалектизмдер сияқты, олар да нақты қоғамдық-әлеуметтік ортада белгілі жағдайда қалыптасады. Мәселен, Арал, Каспий, Балқаш, Қорғалжын, Алакөл, Зайсан, Сыр бойы маңында балықты кәсіп ету кең тараған. Бұл қазіргі кезде ірі шаруашылыққа айналып отыр. Бірақ сол жердегі Балық кәсібіне байланысты сөздерде кейбір айырмашылықтар бар екені анық.²

¹. Қазақ ССР Ғылым академиясы жиналысының хатшылығы 1971. № 1, 38-бет.

². Қазақ ССР Ғылым академиясы жиналысының хатшылығы 1971. № 1, 39-41- беттер.

Каспийде	Аралда	Балқашта
жылым	жылым	сүзекі, сөкі
қоржын	шонтай	қалта
сырық	сайғау	береген
көксерке	тісті	таутан
қаракөз	торта	вобла

немесе Балықшылар арасында жер ыңғайына, қолданысына қарай Арал аймағымен салыстырғанда Каспий, Зайсан, Балқаш маңында қайық-кеме, ау-құрал, сайман, т.б. атаулардың орысша аталғандығын байқаймыз³. Мәселен, Аралдағы *ауыл*, *ау қайық*, *көрікім* сөздері Каспий, Зайсан Балықшылары *лакса*, *режика*, *захрой* болып айтылса, болмаса белгілі бір жерде қолданылып жүрген сөздер, атаулар екінші бір жердегі Балықшылар тілінен қазақша баламасын табуға болады.

Кәсіби сөздердің терминдік сөздермен ара-қатысы. Қазақ тілінің төл сөздерінен термин жасауда кәсіби сөздердің маңызы зор. Кәсіби сөздер терминдік лексиканы қалыптастыруда негізгі арналардың бірі болып табылады. Мұның өзі кәсіби сөздер мен терминдер сипатындағы жақындыққа байланысты. Термин ретінде қалыптасып кеткен кәсіби сөздер де белгілі бір

ұғымының нақты дәл мағынасын анықтайды. Бұған қарап екеуінің арасында айырма жоқ, бір екен деп қарамау керек. Тіліміздегі кәсіби сөздердің бәрі бірдей термин ретінде қалыптаса бермейді. Олардың ішінде бастасыз арқылы әдеби тілге еніп, ғылыми ұғымдарды дәлме-дәл білдіру талабына сай келгенде ғана термин бола алады. Терминдер ғылыми негізде, ал кәсіби сөздер қалықтық негізде әртүрлі кәсіптің (шаруашылықтың) дамуымен байланысты қалыптасып, өркендеп еніп

¹ Қ.А.Жаппаров Кәсіби тіл және терминология. "Арыс" баспа, А., 200, 6-бет.

отырады. Кәсіби сөздер жергілікті жерде әр алуан кәсіптің, өндірістің, шаруашылықтың туып дамуымен қалыптасады, соларға байланысты заттардың, өндіріс-еңбек құралдарының еңбек өнімнің процесінің атауларын білдіреді. Мұндай сөздер белгілі бір кәсіппен шұғылданған адамдардың арасында қолданылады да көбінесе солардың өздеріне ғана түсінікті болады. Мәселен, Торғай, Қостанай балықшыларының тіліндегі *қымтақ*, *қымтай*, *қымтабас* (шортанның үлкен-кішілігіне байланысты атауы), *түйеқулақ*, *құмтабан* (табанның кіші түрі), *рәмік* (қазанның балық енетін бөлігі) немесе Каспий балықшылары тіліндегі *әтмәк* (қармақтың тілі), *бұйық* (бірнеше қалықтың қосындысы), *ақжыла* (қызыл балық аулаушы), *шәкәт* (қорытпаның әлі есіп жетілмеген түрі), *молда балық* (итбалықтың күзетшісі)⁴, т.б. сөздерді балықпен кәсіп етпейтін басқа жерлердің адамдары білмейді де, түсінбейді. Діңқаншылыққа байланысты көптеген сөздерді жұрттың бәрі білгенімен, егіншай кәсібі дамыған онтүстік аудандардағы *арық*, *әмәт* (бас арық), *жыя* (атыс), *жыя*, *жыяқ*, *қамшық*, *жымақ* (арықтың түрлері) болмаса, мақта шаруашылығымен шұғылданатын Шымкент облысының аудандарындағы *бұя* (қозаның ең алғашқы түйінінде қоза көсегін орап тұратын жапырақ), *ғүмәт* (гүл шығара бастаған шанақ), *шәкәт* (мақта талшығы жетіліп ашығанға дейін ыстықтан жүреп тұратын қалқан), *шәкәт* (мақта тұқымы) т.б. сөздерді әріміз, кез келген адам біле бермейді. Әрине, белгілі кәсіп,

шаруашылыққа байланысты сөздердің бәрін де жалпыға түсініксіз деп қарапайу керек. Олардың ішінде бежелден жалпыхалықтық болып, тіпті негізгі сөздік қорға еніп кеткендері де аз емес. Мысалы: қармақ, шортан, сазан, алабұға, жайың, қайық, ақ.

Қ.А.Жақыпқызы Қасымжанқызының жазбалары "Арыс" баспа, А., 2000, 7-бет. т.б.

Қазақ тілінде кәсіби сөздердің түрі мол. Оларды кәсіптік, өндірістік сипатына, қолдану жайына қарай екі үлкен салаға бөлуге болады. Олардың бір саласы әр түрлі шағын кәсіпке, ұсақ мамандыққа (балташылық, зергерлік, тоқымашылық, т.б.), екінші саласы - ірі кәсіпшілік өндірістік сипат (егіншілік, дүкеншілік, аңшылық, балықшылық, тау-кен және мал шаруашылығына) байланысты болады.

Қазақстандағы осындай шаруашылықтардың бірі - балық кәсібі. Негізінен алғанда балық кәсібіндегі топтарды мына төмендегідей етіп бөлуге болады:

- 1) Балық атаулары: *шоғыр, бекіре, қорытпа, айжакез, тартан, сүйрік, қыз, оңзақ, тартпа, мекіре, көксерке, т.б.;*
- 2) ау және оның бөлшектеріне байланысты атаулар: *аула жымым, құйма ау, сөкі, қабадан ау, қыз, қарашағармақ, абақ, арқалық, табандық, ауыртпалық, балдыр, баяқ, бетжай, бейжай, т.б.;*
- 3) кеме-қайық және оның бөлшектеріне байланысты атаулар: *бармақ, жүзбелі кеме, қодыраң, матофияс, реюшка, шалаңда, ағыма бақалақ, бұрақ, бұраулық, желкен, кінек, күрлен, қармандық, фәй, т.б.;*
- 4) Балық етінен жасалатын тағам атаулары: *бөтке, бөтеу, жаңса, қалма, құрма, майқуырдақ, т.б.;*
- 5) табиғат құбылысына және теңіз, көл толқындарына байланысты атаулар: *амдаһа толқым, ақжарма, ақтылық, бұлағай толқым, бөтеу толқым, серке толқым, жылдыз, қай қылым, өр толқым, ұлтқырма, ызыс, т.б.;*

- 6) Балық аулау ұйымдарына және басқару әкімшілікке байланысты атаулар: ақамшы, атырман, аулау құралым жөндеу ұялы, азыш ыдыс жасау базасы, балық аулау базасы, балық компаниясы, балық өнеркәсіп басқармасы, мемлекеттік балық аулау базасы, жүзбелі балық заводы, т.б.;
- 7) қармақ және оның бөлшектеріне байланысты атаулар: атық, батырға, жайма қармақ, түнелеле қармақ, жасбе, жұпта қармақ, жұбадмаі, тастама қармақ, т.б.;
- 8) Балықтың дене мүшесіне қатысты атаулар: айқұлақ, ақшомы, бағалдырық, жалқақ, ұымдырық, жасбөзек, тарты, қыңқан, саалл тартымдақ, т.б.;
- 9) ау, сүзекі, жыпым тоқуға, дартуға және қармақ салуға қолданылатын жіңірек арқан атауларына байланысты сөздер: аяқ бау, балақ бау, бүйік бау, жорамал, көлек жіп, көнге жіп, қанат арқан, қараалмақ тарты, тізбе, шалтырма, шымжым, т.б.;
- 10) Балықты тазартуға, өңдеуге, тасымалдауға қажетті құрал-сайман атаулары: шырқар, ләйке, ләкіш, мардам, мейке, пісілек, себет, тарты шелек, ұялт, шаң, шалтақ, т.б.;
- 11) өзен, көл, теңіз бөлшектеріне және судың тасып қайтуына байланысты атаулар: арымды ағыл, ақ сең, ашы, кілегей, шарты, қолтық, айлақ, қым, қылтақ, мылаңу сең, өр сүй, жайылама сере, шұғыл, т.б.;
- 12) Балық аулауға қажетті кішігірім құрал-сайман атауларына байланысты сөздер: айдауыш, аймансақ, ақтауы, бағар, бағай, балдақ, бауық, березен, жом, ишелік, қада, құр, қарға, қыратта, шанышқы, төмелек, т.б.;

13) жоғарыдағы аталған топтардың қайсысына да болса енгізуге болмайтын, бірақ балық шаруашылығы кәсібінде қолданылатын: *балық, балық жазу, жазым, жазық, жазғалы, қожанды, жазғарту, айқырту, бәйменден тарту, жазылау, жазылау, көсетпей жазу*, т.б. сөздерін өз алдына бір топ етіп атауға болады⁵.

Кәсіби сөздер тобы әрі қарай зерттеп, белгілі бір жүйеге, қалыпқа түсіру, түрлі сөздіктерге (терминдік, түсіндірме, екі тілдік: орысша-қазақша, қазақша-орысша, диалектологиялық, этимологиялық) материал есебінде пайдаланумен қатар тіл байлығын жинап пайдаға асыруға толық мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алып қарағанда қалық шаруашылығының жеке салаларында әдеби тілді байытта түсетін кәсіби сөздерді жинап-терумен қатар оны ғылыми негізде талдау тіл білімпаздарының төл ісінің бірі болмақ.

5. О.Назарбаев. Жергілікті қалық тілдерінің арал, алмақ түрлеріне байланысты кәсіби шаруашылық ұғымдары // Қазақ диалектологиясы 1-шығарым Алматы 1965, 165-167-беттер.

Ө.Төлегенов. Қалық тілдерінің жалға шаруашылығына байланысты кәсіби сөздер // Қазақ диалектологиясы 1-шығарым Алматы 1965, 227-бет.

Ж.Досқарыев. Арал, Қызыл балықшылар тілдерінің профессиональдық лексикалық жинақтары // "Бөкселік орыс диалектологиясының жалғасы", том 1. Алматы 1955, 43-бет.

1. Балық атаулары

Қаракөз - ақ балық (орысша жерех) түстес кішкене балық. Қаракөзді балықшылар тұрғындарында көпшілік аңда-саңда аңдылау үшін пайдаланады. Бұл атау қазақ әдеби тілінде де айтылады: Каборевский саусағына ілінген бір қаракөздің желбезегін үткен тұрғының тұғына апарып, тыжырына қалды. (Ә.Сар. "Толқ.туғ." 1965, 198-б).

Қаяз, сүтен - Арал теңізіндегі өндірістік мәні зор, аса бағалы балықтың бірі. Қазір Аралда қаяз тұрғыны азайып барады. Каспий балықшылары тілінде бұл сөз кездеспейді, ал Шу өзенінің бойындағы тұрғындар тілінде - **тенде балық**, Сырдарияда - **қаяз** деп аталады⁷.

Жайың - басы бақа тәріздес, құйрығы түйенің шөлкісіндей, үсті майда қабыршақтарымен жабылған ауызға таяу жерде бір-екі тал қыпы бар, іші шығынды балық. Бұл көбіне Арал теңізінің маңайындағы көлдерде кездеседі.

Аралда жайыңның орташасын - **лақа**, кішісін - **лөлші** деп атады, Каспий, Орал бойында - **лашық** деп атайды. Қарақалпақша - **лақа**, ал Ташкент облысының Хорезм говорында - **лаққа** болып аталады⁸.

Қызғылқанат - торта (орысша зобла) тәріздес кіші, денесі ұсақ қабыршақтарымен жабылған, еті тікенді балық. Қызғылқанатты маң көз аумен ұстаймыз. (АОМ) Өндірістік мәні аз, бағасы арзан. Аралда кейде **қызғұыз** деп те атайды. Балқаш, Арал, Каспий балықшылары

⁷ Балқаш балық О. Шу теңізі балықтарының бір негізіндегі респонденттері. Қазақ тілі тарихы және оның негізіндегі жазбалары. 1960, 3-шығарым 135-бет.

⁸ Сарыбаев Ш. Балық Қарақалпақ теңізінің саяси және тарихи ролі //Қазақ тілі тарихы және оның негізіндегі жазбалары 4-шығарым 1962, 40-бет.

және қарақалпақша да осылай аталынады. Бұндай атаудың бір келісі болуының басты себебі - қанатының қызғылттау болуы деп ойлаймыз. Атына сай қанаты да қызыр қызғылт. Міне, сондықтан қызғылқанат аталып кеткен⁹.

Табан - денесі жапшақ, іші шығынды, үсті ірі қабыршақтарымен

тұтас жабылған, түсі әр түрлі болып келетін балық. Табан көбіне тұщы суларда кездеседі. Оның түсіне қарай сары табан, ақ табан деп атайды. Табан - өте жуас, балу қызғалаған балық. Осыған орай ел аузында: Одан ағзы біреуі табан балық қамшыласаң жұрмайтін шабан балық Қамжылауы қанды екен бұғиң ағдар табан жүре бастағты (Ж. Есенжанов. "Ақ жайық", I, 1958, 272-6). Кейде балықшылар (Арал, Ырғыз, Торғай, т.б.) табан сөзіне балық сөзін тіркеп табан балық деп те атайды. *Үйіңізге асымаңыз табан балық ала көтіңіз.*

Бір қымыз көл жинағымдағы шұрмақ атқұлы табан балыққа толым қалады ("Жұттыз", 1964, 11, 101 б.)

.....
9. Сарыбаев Ш. Балық Қазық балықтардың саны және ролы туралы // Қазақ тілі тарихының ежелгі кезеңі туралы мағалыматтар, 4- шығарма, 1962, 43- бет.

2. Ау және оның бөлшектеріне байланысты атаулар

Сүзгі - теңіз бен көлдерде қолданылатын балық аулау құралының ең үлкен түрі (үлкен ау). Зайсан балықшылары сүзгі ау деп те атайды. Жалпы бұл әр жерлерде әр түрлі айтылумен қатар баспа беттерінде де бір ізділік жоқ. Балқашта - **сүзекі, сөгі**. *Еңбегіңіз еш көптегі үшін балықтың тәттілігі*

жүрген жерін барлап біліп, сүзекі тартуды дағдыға айналдырдық ("Жетісу", 1965, 11 июль). Сөкі қалыңдығы бір ышым Ешмен Төлгос тартатында, енді бір ышым Қала Тленбасе сүйреп барады ("Жетісу", 24 апрель, 81". Құсұрында (Қостанай) - сүзгі, қол сүзгі, ағ сүзгі болып айтылады. Жалпы құрлысы жағынан ұқсас, бірақ көлемі жағынан өзіндік айырмашылықтар бар. Сүзгі - жалпы атауы. Серғали Құсұрынның сортаң суымен ара-тұра аузын шайып қойып, сүзгінің алдыңғы жағына көз тастады ("Жұлдыз", 1964, 11, 101 б.). Қол сүзгі - 7-8 адам бірігіп көп жағасының тайыздау жерінен жалу жүріп тартатын ұзындығы - 500 м, ені 300 метрдей шағын сүзгі. Қол сүзгімен балықты жаздығы шілде күндері аулаймыз. Ағ сүзгі - бұл қысы, жазы бірдей тартылатын ұзындығы 1000-1500 м, ені 500-600 метрдей үлкен ау. Бұрын қазақтар техниканың жоқ уақытында атпен тартатын болғандықтан балықшылар арасында ағ сүзгі болып аталып кеткен¹⁰.

Араң, Кастей, Бірғыз балықшыларының тілінде - жылғы Ешмен бригада мүшелерін жинап алып, молымды енді қай көлге түсіру туралы аңылдасты. Біз бұл бригаданы молымды судан шығарып жатқан кезде бардық ("Батыс Қазақстан", 1963, 25 май)¹¹.

¹⁰. Болыков Ж. Саяхатшылардың естеліктері - Қазақ тілі тарих және диалектологиялық жоспары. 1960, 3-тауымы 84-бет.

¹¹. Болыков Ж. Саяхатшылардың естеліктері - Қазақ тілі тарих және диалектологиялық жоспары. 1960, 3-тауымы 91-бет.

Сүзгі төмендегідей бөліктерден тұрады:

1. **Тор** - фабрикадан не қолдан кереге көз терізді тоқып жасалған зат. Бұл сүзгінің ең негізі бөлігі. Тор көздің мөлшері ауланатын балықтың ыңғайына қарай үлкен не кіші болып жасалынады.
2. **Арқалық** - тордың үстіңгі арқаны. Балқаш, Зайсан көлінің балықшылары жаза, жаза арқан деп атайды. Негізгі құры арқалық немесе таяндыққа түседі (АОМ).
3. **Табандық** - тордың астыңғы арқаны Балқаш, Зайсанда - елек, елек арқан

4. **Абақ** - сүзгінің екі қанатының басына көлденең байланатын бір метр шамасындай түзу ағаш. Абақ мұз астында сүзгіні жылжытқанда қанаттың оралып, шатасын қалпауы үшін байланады. Каспий, Балқаш, Зайсанда - **кіләш**.

Ал, **кіләш** сөзін Балқаш балықшылары кейде қанат мағынасында да қолданады.

5. **Қалта** (орысша матия) - сүзгінің Балық жапалатын жері. Сүзгінің балық қалтадан аламы (ЗОМ). Бұл атау әр жерде әр түрлі қолданады. Каспийде - **қоржың, құрсақ**, Балқашта - **түбек, қалта**.

Аралда - **шонгай**.

6. **Парауд** - сүзгінің қалтаға (матия) таяу, жақын жері. Бұл қанатқа қарағанда енді болады. **Параудта** Балық жерімені, қалтада Балық мал балғады (БОМ). Аралда - **шеңбік**.

7. **Қанат** - сүзгінің екі қалталы. Қалта шештік арқылы қанатқа бекітіледі. Қанаттың негізгі қызметі Балықты үркіте отырып ауа жиеу.

8. **Қанат арқан** - қанат басындағы кіташқа (абақ) байланатын ұзындығы 80-100 метрдей жуан кендір жіп.

9. **Шалтырға** - қанат арқанның ұшына жалғанатын 500-600 метрдей жіңішке леу кендір жіп. **Қанат арқанға шалтырға байланды ма?** (АОМ). Балқаш, Зайсанда - **өрез**, Каспийде - **урез**.

10. **Шызыл** - шалтырғаға жалғанатын жіңішке катрон жіп. Бұл сүзгі қанатын мұз астынан жылжытып отыруға қажетті нәрсеге байлау үшін тағылады.

11. **Нәрел** - ұзындығы 4-5 метрдей түзу сырлық. **Қамалбай нәрелге аламы аламы байлап Балық аламы аламы сүзгіні жиебеді** (БОМ). Каспий - **прогон сырлық, прогон сырлық**. Аралда - **прогон**. Балқашта - **нәрел, бөретек**. Зайсанда - **сырлық** болып айтылады!

Бөгеу ау - бұрын өзенді жерлерде Зайсан балықшылары қолданған аудың бір түрі. Өзеннің еңсіздеу жерін жағасы мен етегі бірдей тәр көз аумен бөгеу, балықтарды бір жерге жинауды қамтамасыз етеді де, жиналған балықты сүзгі аумен сүзіп алады. **Бөгеу ау құрылған жерінде бір-екі айдай тұрады** (ЗОМ).

Құрма ау - (орысша ставный невод) Каспий теңізінде қолданатын ете үлкен теңіз ауы¹³.

¹³. Айталин, Қ. Көсібікпен жина. жасалығы 1988, 14-бет.

¹⁴. Айталин, Қ. Көсібікпен жина. жасалығы 1988, 17-бет.

3. Балық мүшелеріне байланысты атаулар

Айқұлақ - Балықтың желбезегін жауып тұратын, жарты ай тәріздес сүйек. *Балық дем алағанда айқұлақ бір көтеріліп, қайта жабылып қозғалып тұрады* (ЗОМ). Айқұлақ сөзі Тобыл балықшыларының тілінде желбезек, қарақалпақ қазақтарының тілінде бауыр қанаты мағынасында қолданылады. Бұны Балқашта - бақалдырық, Каспий, Арал, Үрөвда - жақ сүйек деп әр түрлі атайды¹⁴.

Желбезек (орысша жабры) Балықтың жақ сүйегінің астына орналасқан тыныс алу мүшесі. Әбден дағдыланған шебер қолдар ұстай алғанда-ақ желбезекке ілігіп, дереу екінші қолмен балықтың ішін жарып кеп жіберді ("Жұлдыз", 1964, № 7, 127 б.), Арал, Каспий,

Балқашта - желбөзек, айыулық, Зайсанда - көпей, обазан, Тобылда - айыулық, желбөзек деп аталады.

Жалқаяқ - қызыл балық түрлерінің (қорытпа, бөкіре, шортанқаз, сүген, т.б.) ішінен шығатын ұшқырықты тазартқанда бөлініп шығатын, жеуге жарамсыз қалдық. *Ўндорғунуғы (иқра) жалқаяқтан мағартабымша жеуге болмайды*. Екінші бір балықшы оны тар көз темір торға салып жалқаяқ қосшасынан айырады ("Жұлдыз", 1964, № 7, 127-Б.).

Жұтқын - Каспий Балықшыларының тілінде балықтың қарны мағынасында қолданылады.

Қаламш - жайыңның әр жерлерінде ұшырайтын кішкене қанаттары. *Қаламшыз лақа (сомик) болмайды* (АОМ). Каспийде - қаламш, қанат, құйрық, қаламш, арқақаламш деп түрлендіріп айта береді.

"Балықшы Ө. Қосалымқұлы дарақ ішіндегі профессорлық та жиналған жатырлардың //Қазақ ССР ақпарат-жарнағының хабарлары 1975, 35-бет.

Босанып кетпек бол көп тұласа керек, қанаттарын да жадыраға орап алатын (Ө.Сәр. "Толқ. тұт." 1965, 57-Б.).

Қылақан - алабұға, сазан, қарабалық, таутан, торта, табан сияқты балықтардың етінің арасында кездесетін ұзақ сүйектері

Қайраққан алған шабағуай,

Тамағымз қылақымз кетер демес ем!

(Махамбет)

Торсылдақ - (орысша плазательный пузырь) балықтың ішкі мүшесі. *Торсылдақ балықтың жерді жүруіне сәттілігін талғизеді сай деп айтадымыз* (АОМ). Өзбек тілінде - **балық пуфаны** (Рус.-узб. сл., 1954, 681).

Шоғал - Балықтың жыныстық тұқымсыз. Бұл тек еркек балықтарда ғана ұшырайды. Шоғалдың үлкендігі ұшқырықтан гөрі кішілеу, ақ күсті екі бөлініп балықтың ішкі қабырғасын алып жатады. *Балықтың иілім жарамда жоғал шығар оның еркек (аталық) екенін бірден білеміз* (АОМ). Бұл сөз Зайсан,

Балқаш, Каспий, Ырғыз, Торғай, Шалқар, т.б. балықшыларының тілінде кездеспейді.

4. Балықтан жасалатын тағам атаулары

Бөкпен - балықтың майлы сорпасына пияз, бұрыш, қосып, нан турап бөктіріп істейтін тамақ. Бөкпен әрі дәмді, әрі қуағы қушті болады. *Балықшылар ұзақ сағураз шығуға бөкпенді жол жасайды.*

Бөрөк - қайнап піскен балықты қыпқанынан (қыптан) азартып, етінің үстіне ұсақтал нан турап, бұрыш пен пияз қосып істейтін тамақтың бір түрі.

Бігеу - балықтан жасалған тағамның бір түрі. Балықшылар балықтың сырты қабыршағын арышып, ішін жарып, балық ішіндегі торсыққа, уышдырық ішек-қарнын түгел алып тастап, оның орнына нан, картоп, пияз салып табаға бөлмей-жармай тұтас пісіруді *бігеу* деп атайды. Табаға салынып бігеу піскен балықтың сүйегіне дейін жұмсақ болып балқып кетеді.

Жаңса - жайың балықтың семіз, майлы, тәтті, дәмді еті. (Жайыңның құйрыққа талу жерінің еті). Арал балықшылары арасында - "Жаңса жеген

жатпас" деген мақал бар, әрине, бұл да жанғанның сүйкімді, тағамдық жүйелісі мол екенін байқатады.

Қалқы - балық етінен жасалатын тағамның бір түрі. Дайындау әдісі: балық еті бір қайнағаннан кейін, оның сүйектерін алып тастап, үстіне нан (қамыр) салып тағы бір қайнатып пісіреді. Оны пияз, бұрыш, тұз (тұзды молдау етіп салады) салынып жасалған тұздыққа батырып ет сияқты ирмен жейді.

Қарма - балықтан істелетін тамақ атауы. Қарманы даярлаудың екі әдісі бар. Бірінші: балықтың ішіндегісін алып, сыртын қырып тазалайды да, оған май қосып, қырып пісіреді. Екінші: балықтың қабыршағын қырып, тазартып, ішін жарып, торсыққа, шек-қарның, уыңдырығын алып тастап қазанға қуырып, келіге тұйып жасайды. Бұл әдісті Ырғыз, Торғай балықшылары қолданады. Балықшылар бұрын қарманы көп жеген (Бір., Тор.). Екіншілік, балықпен шұғылданатын Қызылорда, Ақтөбе, Қостанай облыстарының кейбір аудандарында (Торғай, Жанкелдин, Қарабұтақ, Арал, Қазалы, т.б.) тұратын тұрғын қазақтардың тілінде "Балықшылық баласы қарма жасайды. Екіншілік баласы жарма жасайды" деген мақал да бар. Кейбір аудан тұрғындар тілінде қарма сөзі қазанға пісірілген нан [16] немесе бидай, жүгеріні қуырыпшірменге тартқан жарма [17] деген атауларды білдіреді¹⁵.

Мыпалау - балық етінен жасалған тамақ, балықты тазартып, суға салып қайнатады да піскеннен кейін балықтың қыптанынан (қышқан) тазартып, етін өте ұсақтал майдалап турап, үстіне бұрыш салып, май құйып жасайды. Бұны Балқаш балықшылары сүйкімді, сіңімді тағам деп есептейді. *Жаммақ Бүгін қомақ балаға мыпалау жасап бар* (BOM).

Май қуырдақ - балық етін, балықтың өз майына қуырып пісіретін тағам¹⁶.

Балық өнеркәсібіне байланысты кәсіби сөздердің кейбірін ғана сөз еттік. Біздің қолымызда бұлардан басқа да мыңнан астам сөз бар. Көпшілігінің әдеби тілде баламасы жоқ. Сондықтан оларды түрлі сөздіктерге пайдаланып, әдеби тіліміздің қорына енгізу керек.

15. Ж.Досқарман, Е.Досжанбетов. Қалыптасудағы сөздік құрамы рәсімділік және тілдерді кейбір диалектілік ерекшеліктері. - Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлардағы филология және тариху сериясы, 1962, 1(20)-шылуақ, 19-бет.

16. Ж.Бопалов. Сөз жасаушылық және тілдік, Алғашқы сөздер, сөздік құрамы рәсімділік және тілдерді кейбір диалектілік ерекшеліктері туралы. - Қазақ тілі тарихының диалектілік сөздері сериясы, 1960, 3-шылуақ, 84-бет.

5. Балқаш, Іле, Каспий балықшылар тіліндегі кәсіби сөздер және олардың кейбір диалектілік сипаты

Іле өзенінің бойындағы балықшылар мен Балқаш көлінің балықшылар тілінің арасында кейбір айырмашылықтар бар. Мәселен, Іле балықшыларының тіліндегі *шым* (тайыз суда қайық жүргізуге қажетті ағаш), *бөтессе* (уышдырық), *балбер* (қалтқы), *бөйек* (ау басына қойылатын белгі), *ақ балық*, *ақ қайған* (қарабалықтың түрлері) сөздері Балқаш балықшылары тілінде *мазу*, *мазы*, *қалқан*, *қарқан*, *ақ балық*, *ақ қайған* (теңіз алабұжасының түрлері) түрінде қолданылады.

Материал, негізінен алғанда, Балқаш көлінің солтүстік-батыс жағалауында орналасқан Қарағанды облысының Балқаш ауданына қарасты "Қызыл қазақ" колхозынан (Жер ата Тасарал), Іле өзенінің Балқаш көліне құятын саязсына орналасқан Алматы облысының Балқаш ауданына қарасты "1-Балқаш" колхозынан алынды. Бұл аталған колхоздардың негізгі тұрғындары - қазақтар. Этнотопология жағынан басым көпшілігі арғындар¹⁷.

17. ҚазССР Ғылым Академиясының хабарламалары, 1966, № 8, 39-бет.

А Балық және олардың мүйіздеріне байланысты атаулар

Ақ балық - Іле бойының балықшылары қарабалықтың денесі қара түседі. Балық басының көк болуына байланысты балықшылар *көмбас* деп атайды. Ал басқа балықтың түрлері бұлай аталмайды. Салмағы 6-8 кг, еті дәмді, сүйегі ірі болады. *Көмбас* өте сирек кездесетін балықтың тұқымы.

Қарабалық (ор. маринка) - арқа жоны қара, бауыры ашық, денесі ұзынша, ұсақ қабыршақтармен жабылған жұмырлау келген балықтың бір түрі. Бұны балықшылар *көмбас* деп атайды. Балқаш көлі мен Іле өзенінен ең көп ауланатын өндірістік мәні бар балықтың бірі "Қызыл қазақ" колхозы жылына қарабалық бойынша берілген талсырмағы асыра орындайды, бұл балықты *ақ балық, ақ қаймақ, көмбас, шұжасай* деп әр түрлі атайды. Аталуы әр басқа болғанымен негізгі бір балықтың түрі. Басым көпшілігінде *қарабалық, көмбас* атаулары жиі қолданылады. Қарабалық деп Орал облысының шалқар көлінде *лемьді* атайды¹⁸.

Құрт балық - балықтың ең ұсақ, ең майда түрі. *Құрт балықтары* қармаққа шанышып, желі ретінде пайдаланады. Каспийде - *құрт*, Торғайда - *барай, құртық, құртық*, Қостанайда - *машабақ*, Сырдарияда - *құртымбақ*, ал әдеби тілде *шабақ* деп аталып жүр.

Ланьш - сазан балығының бір түрі. Бұл қарбалдан үлкен, сазанның өзінен кіші түрі, қабылдау пункттері *ланьш* қабылдап алып мемлекетке тапсырады, бірақ бағасы арзан.

.....
¹⁸. Ж. Досқарым. Арал, Балқаш балықшылары кішісінің профессорының
пәлсапалық еңбектері // Балқаш көлінің балықшыларының еңбектері. 1-кітап,
1-көлем, 1-көлем. Алматы, 1958, 107-бет.

Тісті (сирек), **сөдақ** (жиі) (ор. судак). Жыртығы балықтар тобына енетін,
түсі көкшіл ала, аузында өткір тісі бар, майда балықтармен ірректенетін
балықтың бір түрі. Еті өте тығыз, түсі ақ, дәмді болады. Өзі өнімді, өндірістік
мәні зор балық. Бұл Балқаш көліне соңғы жылдары жіберілген, бұрын бұнда
тұрақты болмаған, қазір өсіп-өніп молайған. Су тұнбасындағы қырыштық
күлді, тасты жерлерде *мізгі* мен *сазы* көп кездеседі. Бұл балық шалқарда -
көксөрме, Каспийде - *көксөрме*, *қамла*, Аралда - *мізгі* деп әр түрлі аталынып
жүр¹⁹.

Маринка (ор. маринка) - үлкейген түрін ақ балық дейді. Түсі сарғыш
қоңыр, ұсақ қабыршақты, ұзынша келген балық. Еті дәмді, бірақ майда сүйекті.
